



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Заң көмегі кімдерге арналған?

Әділет министрлігінде Парламент Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің «Адвокаттар мен заң кеңесшілерінің білікті заң көмегін көрсетуі» тақырыбында көшпелі отырысы өтті.

Дөңгелек үстелге Мәжіліс депутаттары, Әділет, Ішкі істер, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш

көпбалалы отбасылар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары, азаптау құрбандары, 1 және 2-санаттағы мүгедектер, зейнеткерлер тегін көмек ала алады», деді Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков.

Әділет вице-министрінің айтуынша, осы өзгерістерден кейін мемлекет кепілдігі арқа-



өнеркәсібі министрліктерінің, Бас прокуратура және ҰҚК өкілдері, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы, заң консультанттары палаталары қауымдастықтарының, Республикалық нотариаттық палатаның, республикалық жеке сот орындаушылары палатасының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері мен халықаралық сарапшылар қатысты.

Іс-шара басында мамандар заң көмегін көрсету саласын жетілдіру және оны автоматтандыру бойынша жұмысты жалғастыру мәселелерін талқылады. Жиынды Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева ашып, Әділет министрі Азамат Есқараев кіріспе сөз сөйледі. Мемлекет басшысы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында заң қызметтерін көрсетуге ерекше назар аударуды тапсырғанын атап өткен министр: «Заң көмегін көрсету саласындағы өзекті мәселелерді талқылау бойынша көшпелі кеңес өткізу уақтылы және өзекті. Бүгінгі отырыс барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі нақты шаралар комитеттің ұсынымдарында көрсетілетін болады. Келешекте біз оларды осы саладағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс шеңберінде ескерміз», деді.

Бүгінгі таңда республика бойынша 5 891 адвокат және 13 010 заң кеңесшісі заң көмегін көрсетуде. «2022 жылғы 20 маусымнан бастап «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға тегін заң көмегіне кепілдік берілген адамдар тобын кеңейтетін өзгерістер енгізілді. Енді аз қамтылған және

сында заң көмегін алған азаматтар саны артқан. Мысалы, 2021 жылы заң тұрғысындағы көмек 122 337 азаматқа берілсе, 2022 жылы 169 495 азаматқа көрсетілді.

Дегенмен, вице-министр еліміздің кейбір өңірлерінде мемлекет тарапынан берілген кепілдік туралы көп адам естімегенін, яғни халыққа түсіндіру жұмыстары кемшін болып жатқанын атап өтті. «Бұл ретте жекелеген субъектілерден құқықтық ақпарат алу және заң көмегін алу құқығы бойынша сұрақтар туындайды. Атап айтқанда, Ақмола облысында бар болғаны 846 азаматқа заңгерлік кеңес берілсе, салыстырмалы түрде осындай халық саны бар Батыс Қазақстан облысында 3 мыңнан астам азаматқа заңгерлік кеңес берілген. Әкімшілік істер бойынша да жағдай осындай, Шымкентте бар болғаны 120 азаматқа көмек көрсетілсе, (2023 жылы – 3), Алматыда 1 800-ге жуық азамат (2023 жылы – 519) көмек алған. Осыған байланысты құқық қорғау және мемлекеттік органдар, адвокаттар алқалары мен сот органдарына халық арасында заң көмегін алу мүмкіндігі туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет деп санаймыз», деді ол.

Отырыста қатысушылар заң көмегін көрсету жүйесін одан әрі жетілдіру, «Е-заң көмегі» ақпараттық жүйесін дамыту, сондай-ақ депутаттардың ұсынымдарында көрсетілетін адвокаттар мен заң консультанттарына сағаттық мөлшерлеме бойынша уақытты ықшамдау жолымен заң көмегін көрсеткені үшін төлемді ұлғайту мәселесі бойынша түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Бұрынғы Оқу-ағарту министрі, қазіргі Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов соңғы қоңыраудың 25 мамырдан 1 маусымға шегерілуіне қатысты пікір білдірді.

24 мамыр күні өткен мәжіліс отырысында журналистер «оқу жылының ұзартылғаны өзін ақтамады» деп, жаңа форматқа сын айтқан еді. Тілшілердің айтуынша, арнайы ұзартылған уақытта балалар сабақ оқымай, оқулықтарын тапсырады немесе сынып сағаттарын өткізеді.

Асхат Аймағамбетов осы кезеңде балаларының сабақ оқитынын айтты. Оның айтуынша, әр өңірде жағдай



«Ұнаса да, ұнамаса да қабылдау керек»: Аймағамбетов оқу жылын ұзартуға қатысты пікір білдірді

өзгеше сипат алады.

«Егер оқулықтар әзірден жиналып алып жатса, бұл сұрақты маған емес, Оқу-ағарту министрлігіне қою керек. Әріптестерім мәселені дер кезінде шешіп жатқанына сенімдімін», деді Асхат Аймағамбетов.

Ол саяси жұмыста министр немесе басқа мемлекеттік қызметкер барлығына бірдей ұнайтын шешімдерді қабылдамауы керек екенін еске салды.

«Ұнамайтын, мүмкін қазір

түсінбейтін, бірақ елге, мемлекетке, балаларға қажет шешім болса, оны ұнаса да, ұнамаса да қабылдай білу керек. Мысалы, біз мектеп директорларының жұмыс істеу мезімін 5 жылмен шектедік. Бұл директорларға ұнады деп ойлайсыз ба? Әрине, ұнамайды. Мысалы, біз ЖОО бітіріп, мұғалім болғысы келетіндерге «енді мектепке тұру үшін диплом ғана емес, өз пәнің бойынша тест тапсыр» дедік. Оқу бітірген маманның 90%-ы тестілеуден өте алмады.

Соған байланысты біз 50-ге жуық университеттің лицензиясын алып қойдық. Бұл университетке де, онда оқыған түлектерге де ұнамайтын шешім. Бірақ бұл шешім керек пе? Керек. Егер сол шешімді қабылдай тұрып, жұмыстан кетуге мәжбүр болсаң, сонда да қабылдау керек. Менің ойымша, бұл тәсіл білім саласында өте маңызды», деп ойын аяқтады Асхат Аймағамбетов.

Балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне шектеу қойылуы мүмкін

Қазақстанда кәмелет жасына толмаған балалар ата-анасының рұқсатынсыз WhatsApp, Instagram және басқа да әлеуметтік желілерге тіркеле алмауы мүмкін.

Қазақстанда балалар арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында олардың әлеуметтік желілерге тіркелуін шектеу шаралары қарастырылып жатыр.

Мұндай шектеу шарасы балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған «Бала қорғау» кешенді жоспарынан белгілі болды.

Жобада Instagram, Facebook, WhatsApp, ВКонтакте платформаларында кәмелетке толмағандарды заңды өкілдердің рұқсатынсыз тіркеуді шектеу жөнінде шаралар қабылдау 2025 жылғы 1 тоқсанға жоспарланғаны көрсетілген. Бұл бастамаға Цифрлық даму,



инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ақпарат және қоғамдық даму, Оқу-ағарту министрліктері жауапты болады.

Құжат жобасы «Ашық НҚА» порталында 6 маусымға дейін жария талқылауда болады.

2024 жылдан бастап заңды қазақ тілінде жазу міндеттеледі

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов екі тілде жазылған нормативтік құжаттардың мағынасы бір-біріне сәйкестігі тексерілетінін айтты.

Тәуелсіздік алғаннан бері қабылданған 3,5 мың заңның басым бөлігі орыс тілінде жазылған. Премьер-министр орынбасарының айтуынша, енді заңды бірінші қазақ тілінде жазу талабы енгізіледі. Содан кейін ғана орыс тіліне аударылады.

«Бұл ретте артық регламенттеуді болдырмау мәніне ревизия жүргізу көзделмеген НҚА (жекелеген заңдар мен заңға тәуелді актілер) олардың жобалары мемлекеттік органдардың норма шығару қызметі барысында лингвистикалық сараптамаға түскен кезде қаралады. Аталған шара мемлекеттік тілдегі НҚА мәтіндері мазмұнының сапасын арттыруға ықпал етеді», делінген Алтай Көлгіновтың жауабында.

Қазатомнеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов 16-18 мамыр аралығында Испанияның Барселона қаласында өткен Bofasecurities Global Metals, Mining & Steel 2023 конференциясында сөз сөйледі. Компания басшысы уран нарығына шолу жасап, Қазатомнеркәсіптің қызметі мен стратегиясы, өндіріс және сату көлемі, жер асты ұңғымалы шаймалау әдісімен уран өндіру, ESG қағидаттарын ұстану, сондай-ақ компанияның 2023 жылға арналған



ды бақылаудың озық практикалары мен құралдарына (ISO 45001 және ISO 14001 сертификатталған) ерекше назар аудара отырып, жерасты ұңғымалық шаймалау технологиясын қолданады.

Қазатомнеркәсіптің бағалы қағаздары Лондон қор биржасында, Astana International Exchange биржасында және Қазақстан қор биржасында орналастырылған. Қазатомнеркәсіп Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы болып табылады

Келелі конференция

болжамдары туралы баяндады. BofA Securities Global Metals, Mining & Steel – жыл сайынғы іс-шара, оған әлемнің түкпір-түкпірінен металлургия және тау-кен өнеркәсібінің көшбасшы компаниялары мен институционалдық инвесторлары қатысады. Конференцияда тау-кен-металлургия секторы үшін неғұрлым өзекті мәселелер талқыланып, одан әрі дамудың негізгі бағыттары айқындалады. Айта кеткен жөн болар, Қазатомнеркәсіп - 2022 жылы әлемдік бастапқы уран өндірудің жиынтық көлемінен шама-

мен 22% - ы мөлшерінде компанияның қатысу үлесіне барабар табиғи уран өндіретін әлемдегі ең ірі уран өндіруші. Топтың саладағы ең ірі резервтік уран базасы бар. Қазатомнеркәсіп еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдармен бірге 14 уран өндіруші кәсіпорынға біріктірілген 26 кен орнын игеруде. Барлық уран өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және уран өндіру кезінде денсаулық сақтауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау-

және топтың негізгі клиенттері-атом өндіруші қуаттардың операторлары, ал өнімдер үшін негізгі экспорттық нарықтар-Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа. Топ уран және уран өнімін жеткізуді ұзақ және қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, сондай-ақ споттық нарықта тікелей Астана қаласында орналасқан корпоративтік орталығынан немесе Швейцариядағы еншілес сауда компаниясы Trading House.

Қазатомнеркәсіп АЭХА-ның URAM-2023 Халықаралық симпозиумына қатысты



8-12 мамыр аралығында Вена қаласында (Австрия) АЭХА қамқорлығымен төрт жылда бір рет өтетін «Ядролық отын цикліне арналған уран шикізаты» (URAM-2023) халықаралық симпозиумы өтті.

Салалық іс-шарада әлемнің түкпір-түкпірінен АЭХА-ға қатысушы елдердің сарапшылары, ғалымдары мен өкілдері соңғы әзірлемелер мен инновацияларды, сондай-ақ уран өнеркәсібімен байланысты қауіпсіздік және техникалық, әлеуметтік, экологиялық аспектілерді талқылады.

Мамандандырылған конференцияда АЭХА Бас директоры Рафаэль Гросси, симпозиум төрағасы Сюзан Холл, симпозиум Төрағасының тең ұйымдастырушы - орынбасары, атом холдингінің делегациясын басқарған «Қазатомнеркәсіп» ҰАК АҚ өндіріс жөніндегі бас директорының м.а. Әлия Ақжолова баяндама жасады. Өз сөзінде Әлия Ақжолова «Қазатомнеркәсіп» ҰАК АҚ (бұдан әрі – «Қазатомнеркәсіп» немесе «Компания») қызметі, компанияның әлемдік нарықтағы орны мен рөлі, уран мен ядролық отынды Қазақстаннан клиенттер үшін тасымалдау туралы ақпарат берді.

Спикер маңызды жетістіктер туралы айта келе, компания табысының құпияларымен бөлісті. Қазатомнеркәсіп бүгінде – әлемдегі ең ірі табиғи уран өндіруші және сатушы. 2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның үлесіне уран өндірісінің әлемдік көлемінің шамамен 22% - ы тиесілі. Атом холдингінің активтеріне геологиялық барлау, уран өндіру, ядролық отын циклі өнімдерін өндіруден бастап ғылымға, әлеуметтік қамсыздандыруға және кадрлар даярлауға дейінгі түпкілікті өнім өндіру тізбегіне тартылған кәсіпорындардың барлық

кешені кіреді. Қазатомнеркәсіптің кәсіпорындары уранды жер асты ұңғымалық шаймалау әдісімен өндіруді жүзеге асырады, бұл компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтады.

- Тұрақты даму Қазатомнеркәсіпті дамыту стратегиясының іргелі құрамдас бөлігі, ал ESG жаһандық күн тәртібімен байланысты мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау компания жоспарларының ажырамас бөлігі болып табылады. Уран өндіру саласының әлемдік көшбасшысы ретінде, Қазатомнеркәсіп көміртегісіз базалық қуаттардың көмегімен таза энергетикаға көшуге ықпал етеді. Табиғи уран ғаламшар үшін таза ядролық энергия өндіруге қабілетті болғанға дейін өндіріс пен өңдеудің бірнеше кезеңдерінен өтеді. 2022 жылы БҰҰ-ның жаһандық келісіміне қосыла отырып, атом холдингі тұрақты даму саласындағы ауқымды бастамаларды қолдады. Компания парниктік газдар шығарындыларын жүйелі түрде төмендетуге бағытталған 2060 жылы көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу және көміртекті декарбонизациялау стратегиясын әзірледі. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелілігінің дәлелдерінің бірі компанияға ESG бағасын беру деп санауға болады, - деп атап өтті өндіріс жөніндегі бас директордың м.а. Әлия Ақжолова. - Қазатомнеркәсіп әлеуметтік даму саласында қазіргі және болашақ ұрпақтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында компания қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ал-ауқатының тұрақты өсуіне ықпал етеді. Кәсіпорындар қызметінің әсерін барынша азайту және жұмсау, үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жаңа экологиялық таза технологиялар мен процестерді әзірлеу және енгізу компанияның Даму стратегиясының негізі болып табылады.

Сондай-ақ, симпозиумдағы жеке сессия ядролық энергетикадағы гендерлік саясатқа арналды. Әлия Ақжолова осы бастаманы ілгерілету үшін Қазатомнеркәсіптің қабылдаған шаралары туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Атом холдингі гендерлік теңдік қағидатын қолдайды және әйелдерді көшбасшылық позицияларға белсенді тартады. Бүгінгі таңда Қазатомнеркәсіптің еншілес ұйымдарының байқау кеңестері мен Директорлар кеңестеріндегі әйелдердің үлесі 21%-ды құрайды, 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 30% - ға дейін арттыру жоспарлануда. Компания әйелдердің кәсіби және жеке әлеуетін ашуға, сондай-ақ әйелдердің маңызды міндеттерді шешудегі рөлін күшейтуге бағытталған гендерлік теңдік бағдарламасына табысты қатысып келеді.

Нүржамал МАЙУСОВА.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

«Мыңжылқы» мәдениет үйінде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов қатысып, сала мамандарын айтулы мерекемен құттықтады.

–Мәдениет пен өнер – халықтың қазынасы, ұлттың құндылығы. Елдің өнер көшін алға ілгерілетуде ұлт руханиятының шырақшысы болып жүрген мәдениет мамандарының қоғамдағы алар орны ерекше. Қазіргі таңда ауданымызда 38 мәдени мекеме түрлі шараларды жоғары деңгейде өткізіп, халққа мәдени қызмет көрсетуде. Осындай айтулы мерекеде ауыр жүкті арқалап, халықтың көңілінен шығып жүрген сіздерге зор алғысымды білдіремін,-деді аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов.

Мерекелік шарада бірқатар мәдениет және өнер қызметкерлеріне Түркістан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен аудан әкімінің алғыс хатын табыс етіп, құрмет көрсетті.

ҚР Мәдениет қайраткері, ақын, ауданның «Құрметті азаматы» Мыңжасар Асқаров құттықтау сөз сөйлеп, өнер қонып, бақ дарыған өлкеміз жайында әңгімелер өрбітті.

Мәдениетіміздің дамуына үлес қосып жүрген бірқатар сала мамандарына «Қазақстандық салалық мәдениет спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасын табыс етті.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары ән мен күйден шашу шашып, қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

«AMANAT» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы ретінде, бүгін Созақ аудандық номері 11 өрт сөндіру бөлімінің жеке құрамымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша кездесу өтті. Жиын барысында тақырыпқа сәйкес хабарламалар жасалып,

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы түсіндіріліп, ұсыныс пікір айтылып, сұрақ-жауап алмасы.

Атап өткен жөн болар, аталған жеке құрам жігіттері төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында жергілікті тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді.

Ұсақ бұзақылық жасағандарда қатаң жазаланады

Ұсақ бұзақылыққа қоғам орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарда, скверлерді лапстау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті, сонымен қатар жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс-әрекеттер жатады.

Статистика бойынша бұзақылық жасаушылардың көбі жұмыс істемейтіндер екенін, ол бұзақылықтың бәрі әрқашан мас күйлерінде жасалатын әрекет екенін іс материалдарын байқауға болады. Мысалыға айтатын болсақ, қоғамдық орында мас күйінде арнаулы емес

жерге төмекі қалдығын лақтырып жібергендерге де полиция қызметкерлері құқық бұзушылық хаттамасын толтырады. Мұның өзі әкімшілік жазаға тартылуға әкеліп соғады.

Қазіргі уақытта қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу үшін жиі-жиі профилактикалық жұмыстар жүргізу өте қажет. Еңбек ұжымдарын пайдаланып, полиция қызметкерлері рейдтер жасап тұрғаны жөн. Әрине осының бәрі қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары болып табылады.

Б.САГИНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Декларациялау - келешектің қамы



Маңызды науқанға жауапкершілікпен қарайық!

Оқырмандарымыздың есінде болса, газетіміздің өткен сандарының бірінде Жалпыға Бірдей Декларациялау жөнінде ауданымызда жиын өткені жөнінде мақала жариялаған болатынбыз. Бүгін сол мақаланың ізімен Созақ ауданы Мемлекеттік Кірістер Басқармасының басшысының орынбасары Айдарбеков Жарылқасын Кеңесбайұлымен жолығып, мәселенің мән-жайын кеңірек тарқатып айтып беруін өтінген едім. Жарылқасын Кеңесбайұлы сау болсын, қым-қуыт тірліктің арасынан уақыт тауып, аудан жұртшылығына 2021 жылдан Елімізде жүзеге асып келе жатқан Жалпыға бірдей декларациялау жұмыстары жөніндегі сұрақтарымызға жауап беруге келісім берді.

Сонымен, Жақанның айтуы бойынша ҚР қаржы министрлігінің 2018 жылдың 21 июньдегі № 617 бұйрығымен Жалпыға бірдей декларациялау кезеңдерін белгілеу жүзеге асырылып келеді. Бұл декларациялаудың мақсаттары:

- көлеңкелі экономиканы қысқарту
- Әлеуметтік саланы жетілдіру
- Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету

Ал енді, газетіміздің өткен санында да айтқанымыздай, бұл Жалпыға бірдей декларациялау төрт кезеңнен: 2021; 2023; 2024 және 2025 тұрады. Бұлардан 2021 жылы өтуі тиіс санаттағы азаматтар өтіп қойды. Ендігі жерде 2023 жылы өтуі тиіс: Мемлекеттік мекемелердің (білім және денсаулық саласы т.б) қызметкерлері мен олардың жұбайлары және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (өндіріс орындары т.б) қызметкерлері мен олардың жұбайлары. Сондай-ақ, бұл санаттардағы азаматтар Салық декларациясының саны бойынша 2050.00 формамен 2022 жыл бойынша шетелдегі мүліктері жайында декларация тапсырады.

Тағы да 2023 тен бастап 270.00 форма бойынша осы санаттардағы азаматтар тапқан табыс, сатылған және сатып алынған мүліктері бойынша декларация тапсыратын көрінеді. Жыл басынан тек білім және денсаулық саласы қызметкерлерінің 12 мыңы (жұбайларынан бөлек) аталмыш декларацияны тапсырулары тиіс болса, мамыр айының 11 дейін солардың 4030

ғана тапсырыпты. Ал енді, әлгі аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен Жалпыға бірдей декларациялауға арналған жиыннан соң, яғни, мамыр айының 11-нен күні бүгінге дейін 1720 азамат декларация тапсып үлгеріпті. Әрине, Жарылқасын Айдарбеков мұны сол жиыннан соң білім және денсаулық мекемелеріне декларация тапсырулар тиіс болып, тапсымаған азаматтардың нақты тізімін бремен тығыз байланыстырып отыр. Егер осы қарқынмен жұмыс жасалса, азғантай уақыттың ішінде бұл екі саланың қызметкерлерін қамтуға болады дейді. Дегенмен, бүгінгі таңда Жалпыға бірдей декларация тапсыру науқанына ауданымыздың көлемінде жұмыс жасап отырған өндіріс орындарының

жұмысшыларын тарту өте баяу жүріп отырған көрінеді. Бұған әрине, сол компаниялардың басшылары мен жұмысшыларының белсенділік деңгейінің төмен болуы себеп дейді Жарылқасын Кеңесбайұлы. Әйтпесе, Созақ аудандық Мемлекеттік кірістер Басқармасы қызметкерлері тарапынан барлық түсіндірме жұмыстары өз деңгейінде жүргізілген екен. Тіпті, ҚР Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік Кірістер Департаментінің тарапынан «Е-салық» азаматтық қосымшасы да пайдалануға ұсынылған көрінеді. Егер, декларация тапсыру жөніндегі қызметтің осы түрін пайдаланамын деп ниет білдірген азамат болса, бұл жұмыс бас-аяғы 2-3 минут қана уақыт алатын көрінеді. Тек, тиісті мекеме басшылары өз қызметкерлерінің декларация тапсырулары үшін қызметтің осы түрін қолжетімді етіп беріп, ниетті болса болғаны дейді.

Сонымен сөз соңында айтарым, менің көкейімде жүрген негізгі сауалым: «Жалпыға бірдей декларациялау»-дың бұл түрі біздің мемлекетімізге, халқымызға не береді? Әдеттегі, яғни, бұған дейін қолданыста боп келген декларациялаудың түрінен Жалпыға бірдей декларациялаудан не ұтамыз?- еді. Меніңше, менің ғана емес, барша қазақстандық қоғамның көңілін күлті етіп жүрген сауалдар еді бұлар. Сол себепті де Жарылқасын Айдарбековтың: «Жалпыға бірдей декларациялауға кешу бізге: біріншіден, көлеңкелі экономиканы қысқарту; Екіншіден, әлеуметтік саясатты жетілдіру; Үшіншіден, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету»- деп, аталмыш науқанның мақсатын түсіндіруі мен үшін де, азаматтарымыз үшін де көп мәселенің басын ашқандай болды. Ендігі жерде, Созақ аудандық Мемлекеттік Кірістер Басқармасының және осы мәселені көтеріп отырған редакциямыздың атынан Жалпыға бірдей декларацияның II кезеңін тапсыруға тиіс барша жерлестерімізді, еліміздің экономикасы мен әлеуетін арттыру, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономиканың жолын кесетін осы бір науқанға атсалысуларын және мекеме, өндіріс орындары басшыларын жауапкершілікке шақырамыз!

Данияр БЕК.

Қазақстан Жазушылар Одағының XV Құрылтайына барып қайттық



Жақында Алматыдағы Абай атындағы академиялық опера және балет театрында қаламгерлер қауымы көптен күткен Қазақстан Жазушылар одағының XV құрылтайы болып өтті. Еліміздегі ең алғашқы және ең ірі шығармашылық бірлестіктердің бірі де бірегейі болып саналатын Жазушылар одағының құрылтайы Әнұранмен басталып, дәстүр бойынша екі құрылтай аралығында өмірден өткен 131 қаламгерді бір минут үнсіздікпен еске алды. «Төл әдебиетімізді заман талабына сай жаңғыртып, көкжиегін кеңейте түсу – маңызды міндет. Осы орайда бір елге ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ мәселелерді көтерген кесек туындылардың қажет екені сөзсіз». Мемлекет басшысының Жазушылар одағының құрылтайына жолдаған құттықтауында осылай делінген. Қазақстан Жазушылар одағының тарихына үңіле кетсек, алғаш ұйымдасуы ҚазАПП болып құрылған кезден басталады. 1925 жылы 18 маусымда РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» деп аталатын арнаулы қаулысының қабылданыуына орай, сол жылғы 12 шілдеде РК(б)П-ның Қазақ Өлкелік Комитетінің

қарар қабылдады, осыдан кейін Қазақстан Жазушылар одағы құрылды, ұйымдастыру бюросының төрағалығына І.Жансүгіров тағайындалды. 1932 жылы Қазақстанның Кеңестік Жазушылар Одағын ұйымдастырды. Қазақстан Кеңес Жазушыларының 1-съезі 1934 жылдың 12-18 маусым аралығында өтті.

Құрамында проза, поэзия, драматургия, көркем аударма, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті, публицистика мен очерк, сатира, орыс әдебиеті, неміс әдебиеті, корей әдебиеті, ұйғыр әдебиеті жөніндегі шығармашылық кеңестер жұмыс істейді. Қазақстан Жазушылар одағы туысқан республикалардың жазушылары ұйымдарымен байланысты нығайтты; Азия, Африка жазушыларымен, мәдениет қайраткерлерімен де ынтымақтастықты күшейтті. Осының нәтижесінде 1973 жылы Азия мен Африка елдері жазушыларының 5-конференциясы Алматыда өтті.

1925 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының он шақты мүшесі болса, қазіргі уақытта 810 мүшесі бар. Қазақстанның 11 облысы мен Астана қаласында бөлімшелері жұмыс істейді.

Құрылтайды Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет ашып, есепті баяндамасынан басталды. Одан кейін ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Президентіміздің жоғарыда келтірілген құттықтау хатының мәтінін оқып берді. Елге белгілі көптеген ақын-жазушыларымыз одақтың және оның мүшелерінің тағдыры мен өзекті мәселерін ортаға салды. Жиын барысында Қазақстан Жазушылар Одағының жаңа төрағасы болып бірауыздан жазушы, журналист Мереке Құлқенов сайланды.



секретариаты Қазақстанның пролетариат жазушыларының ассоциациясын (ҚазАПП) ұйымдастыру жөнінде ұйғарым жасады. Құрамында С.Сейфуллин, Б.Майлин бар ұйымдастыру бюросы құрылды. Бұл ұйымға республикадағы әдебиет күштерін біріктіру және пролетариат жазушыларының Бүкіл қазақстандық 1-конференциясын әзірлеу тапсырылды. 1926 жылы маусымда Қызылорда пролетариат жазушылары ассоциациясының бюросы құрылып, ҚазАПП-тың жарғысы қабылданды, оған мүшелер тартылды.

1932 жылы 28 сәуірдегі БК(б)П Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» қаулысы негізінде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретариаты мамыр айында

Құрылтайдан кейін Алматы қаласының әкімдігі алыс жақыннан келген ақын-жазушыларға мерекелік дастархан жайды. Сол аталмыш Құрылтайға Созақ ауданындағы бар-жоғы 4 Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелерінен Тұмартай Дінтайұлы, Гүлнар Өмірбек, Мақсат Қарғабай қатысып қайтты. Ал Сүлеймен көке Тәбіріз денсаулығына байланысты бара алмады. Біздің барып қайтуымызға оң көзқарас танытқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбековке, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразовқа аудандағы Жазушылар Одағының мүшелері атынан алғыс білдіреміз.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Аудан орталығынан шалғайда орналасқан Тасты ауылын бетке алып іс сапарға шықтық. Жеңіл автокөлік жер апшысын қуырып, зырлап келеді. Көктемнің майда жаңбыры баяу себелеп, жауып тұр. Көптен бері ылғал түсуін аңсап тұрған жер бойына жаңбырды сіңіріп жатыр. Далаңның шөбі әжептеуір көтеріліп қалыпты. Неше түрлі түске боялған маң дала әсем көрінеді. Жол бойында үлпілдеген қызғалдақтар да тұнып қалыпты. Көрген адамның жанарына әсемдігімен бірден түседі. Шолаққорғаннан шыққан біздер лезде-ақ Созақ ауылының тұсына келіп қалдық. Атымыздың басын Жуантөбеге қарай бұрып, құмды өңірге қарай бағыт алдық. Шағын жоталы, құмды белестер артта қалып барды. Аталған ауылға кіргенімізде төңірекке жайылған Шу өзенінің суы биыл мол келгенін бірден аңғартқандай. Жуантөбедегі көпірден өткенімізде судың мол келгенін байқадық.



Тастыдағы толымды істер



Бұл өңірге Шу суының мол келуі шаруаға өте қолайлы жағдай туғызады. Қамыс, құрақтар мол бітіп, мал жайылымы жақсы жағдай туғызады. Шаруашылық иелеріне бұл өте қолайлы. Бұл өңірдің төрт түлігі осыдан қорек алып, қоңын жоғарлатады. «Сулы жер-нулы жер» деп бекер айтпаса керек. Сол себепті бұл аймақтың тұрғындары Шудың суы мол келсе қуанады. Берекесі мол болады деп. Расында су халыққа берекесін ала келеді. Су келген соң балық та кездеседі. Балық аулап, ел тұрғындары бір ырғап қалады.

Үстіміздегі жылы судың ертерек келгендігі туралы аудандық басылымға жазған болатынбыз. Судың келгеніне ауылдың еңбектеген баласынан бастап еңкейген қариясына дейін қуанған болатын. Енді біз де судың келгенін өз көзімізбен көріп бір марқайып қалған жайымыз бар.

Жуантөбеден көлігімізді Шу бағытына қарай бұрдық. Әне-міне дегенше Тасты ауылының төбесі көрінді. Әпсәтте-ақ Тасты ауылының шетіне келіп кірдік. Біздерді ауыл әкімі Тілеулинов Манас пен ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбай Айтбайұлы қарсы алды. Амандық сұрасып, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысуға келгенімізді айттық. Ауылдың көшелеріне түгел асфальт төселген екен. Түп-түзу көшелердің бойы тап-таза. Жол жиегіне жағалай талдар егілген. Ауыл әкімшілігінің кеңсесіне ат басын тіредік. Ауыл әкімі мамырдағы жаңбырдың жерге нәр беріп жатқанын қуана жеткізіп, ауылда атқарылып жатқан игі істер жайлы баяндай бастады. Бұл елді мекен өндіріс орындарына жақын орналасқан ауыл. «Катко» БК ЖШС-гі елге әлеуметтік жағынан жақсы көмектер беріп тұрады екен. Аталған кәсіпорын үстіміздегі жылдың на-

урыз айында 72 ардақты аналарға дастархан жайып, заттай сыйлықтар табыс еткен. Мұнан бөлек осы жауапкершілігі шектеулі серіктестік 9 мамыр Жеңіс күні тыл ардагерлеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ардагерлерге заттай сыйлар беріп, көңілдерін көтерген.

Өткен жылы білім күніне орай 20 балаға «Мектепке жол» акциясы аясында киім-кешекпен мектепке қажетті оқу құралдарын табыс еткен. Сондай-ақ қарттар күніне орай 72 отбасына бір қаптан ұн таратып берген. 240 отбасыға бір жарым тоннадан көмір түсірген берген. Ауыл жастарының жастары бос уақытын тиімді өткізетін кіші футбол алаңшасына жабындысын (газон) ауыстырған. Аудан әкімінің көмегімен құрал-саймандармен жабдықталған. Сонымен қатар жедел жәрдем келігі ауруханаға табыс-талған. «Қызғалдақ» бөбекжайын «Катко» БК ЖШС-гі жөндеуден өткізіп берген.

Ауылдың мектеп бітіруші түлектері де туған жер үшін көптеген игілікті тірліктер жасап, ауыл қарияларының батасын алып, елді мекен тұрғындарының алғысын алуда. Мектеп бітіргеніне 20 жыл болған түлектер Қажымұхан көшесіне спорттың жаттығу тренажерлерін алаңын салып берді.

Ал енді бітіргеніне 10 жыл болған түлектер ауылдың кіре берісіне эстакада құрылысын жүргізді. Сондай-ақ өндіріс кәсіпорнының демеушілігімен ауылдағы екі көшеге Аманкелді, Қазақстан көшелеріне аяқжол төселді. Осы мекеменің демеушілігімен 750 балаға жаңа жылдық сыйлықтар берілді. 1 Мамыр бірлік күніне орай 29-30 сәуір күндері ауылдан шыққан кәсіпкер Жұбанов Махаттың демеушілігімен аудан көлемінде ат спорты (Бәйге, көкпар ойындары мен футбол ойындары) ұйымдастырылды. 9 Мамыр Жеңіс күніне орай ауылда жас әнші Ержан Қайратұлының «Қоңырат қыз» атты концерттік іс-шарасы болды.

Шалғайдағы Тасты ауылында әлеуметтік нысандар балабақша, мектеп, мәдениет үйі, монша жұмыс істеп тұр. Елді мекендегі ауылдың ардагерлер кеңесі талапқа сай жұмыс жасап, жастар арасында көптеген тәрбиелік бағытта кездесулер, тақырыптық кештерді жиі өткізіп тұрады. Елдің ішіндегі шағын келеңсіз оқиғаларды дер кезінде шешіп отырады.



Өндіріс орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Қандай іс-шара болмасын олар демеушілік жасап, қолдап келеді. Ауылдағы әйелдер яғни әжелер алқасының да жұмыстары көңіл көншітерліктей. Үнемі ақылдасып ортақ мәселені қолдайды. Барынша елге қызмет жасаудың дара жолында жүр. Ақсақалдар үлгі да жастардың жанынан табылып, ақыл-кеңесін айтып, елді мекен үшін қажетті, игілікті жұмыстар үшін тынбай еңбектенуде. Аудан орталығынан шалғайда орналасса да ауылда қоғам үшін көптеген істерді атқаруды тастылықтар өзіне міндет санады. Елдің ынтымағы мен бірлігі өте жоғары дәрежеде күн тәртібіне қойылып, ортақ мақсат жолында басқа ауыл әкімшіліктеріне үлгі боларлықтай істер атқарылуда. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету- бұл ауылда қалыптасқан.

Жастар тәрбиесі бұл ауыл әкімшілігінде басты орынға қойылған. Ұлттық дәстүрде шаралар өткізу арқылы кейінгі толқынға тағылымды шаралар өткізуді басты назарда ұстап, үнемі жастарға гиратты әңгіме айтуды дәстүрге айналдырған.

Аз ғана уақыт болсақ та ауыл әкімшілігінде атқарылып жатқан шаруаларға көңіліміз толды.

Алдағы кездерде осындай ел үшін, халық игілігі үшін жұмыстар жасай беріңіздер деген тілекпен ауылға қарай жолға шықтық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ КҮНДІ ӨТКІЗГЕН...



Сонау 1973 жылы Қарақұр ауылындағы Ф.Энгельс атындағы орта мектепті бітірген түлектерге биыл 50 жыл! Қазақ даласының әр түкпірінде тарыдай шашырап жүрген түлектер мамыр айының шуақты күндері туған жерлеріне оралып, бас қосты. Алдымен өздері оқып, білім алған қасиетті қара шаңырақта болды. Одан соң тұс ауа өмірден өткен ұстаздары мен кластас достарының рухтарына бағыштап Түркістан

қаласындағы үлкен тойханада құран оқытып ас берді. Артынан өздері отырды. Түркістан қаласының көрікті, ғибратты жерлерін аралады. Бүгінде қатары сиреп бара жатқан ұстаздардың, өмірден озған ұстаздарының ұрпақтарын арнайы шақырып қалқадірінше құрметтерін көрсетті. Сол құрметті қонақтар ішінде осы кластың алғашқы класс жетекшісі болған, ағылшын, неміс тілдері пәнінің мұғалімі, ақын Жеңіс Қарға-

баевтың ұрпағы ретінде мен де болуым керек еді, Алматы қаласына Қазақстан Жазушыларының Құрылтайына жол жүріп кеттім. Алайда түлектерге отбасымыз атынан жылы лебізді телефон арқылы білдірдім. Әкемнің осы кластағы шәкірттеріне арнап жазған өлеңін оқыдым. Одан кейін өзімнің «Әкемнің шәкірттеріне!» деген арнауымды жібердім. Ұйымшыл түлектер бақилыққа аттанған кластастарын арнайы ес-

теріне алысты. Өздері алпыстан асып, жетпістің желкесіне қадам басса да ұстаздар алдында тұрғандай әлі де оқушы сияқтанған кейіптері жарасып-ақ тұрғандай. Марқұм болып кеткен ұстаздары Әлімтөре Пәрімбеков, Орынбасаров Мелдехан ағай, Сүйімбаев Сейітжан ағай, Қожабеков Бақыт ағай сияқты ұстаздары туралы естерінде қалған қызықты естеліктерімен бөлісті. Мынжанова Балқия, Оразымбетов Әбдіманап,

Ибраева Балқия, Масаева Күлайхан, Оспанов Әжіхан, Тасжанов Қанәділ, Бижанов Қали, Оразақинова Сәния, Дайырбеков Аймахан, Дайырбекова Рысхан, Айтжанова Бегеш, Есеңбекова Күлайхан, Бағысова Жұмақыз, Тәжібаева Дәнегүл, Балғабаева Рысқұл, Досалиев Мақсат, Толқынбекова Дәмеш сияқты аға-әпкелеріміз той көрігін қыздырып балалық күндерінің баурайын аралап қайтты.
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Медеу гесе, Медеу егі

Өтпелі өмір. Адал бейнетпен ел құрметіне бөленген Медеу Бейсенбиев ағамыздың дүниеден озғанына қырық күндей уақыт болып қалды. Кезінде ұжымшардың маңдай алды шопаны болған жан жастайынан шопандықты серік етіп, мал шаруашылығында жемісті еңбек етті.

Ол Қызылкөл ауылында дүниеге келген. Әкесі Бейсенбі өте қарапайым елдің қадірлі қариясы еді. Медеу отбасындағы жалғыз ұл болған. Әпкесі Ұлтуар, қарындастары Ұлбике мен Күнбикенің ортасында өсті. Әпкесі Ұлтуар өзінен кейін ерген інісін қатты еркелететін. Десе де жалғыз ұлмын деп еркелік жетегінде кеткен жоқ. Одан кейін өмірге Ұлбике мен Күнбике келді. Медеу дүниеге келгенде Бейсенбі қария жаныма медеу болсын деп ұлының сойын Медеу деп қойды. Нәресте өмір есігін ашқанда қария үлкен той жасап, алыс-жақыннан туыстарын шақырып, мәре-сәре болды. Жұбайы Айшакүл жүрегі жарылардай қуанды. Ал, Бейсенбінің қуанышы ерекше болды. Атбайларым дүниеге келді деп ағынан жарылды. Оның алғаш атқа мінгенін, мектеп табалдырығын атағанын өзіне бақыт санады. Мектепті Медеу жаман бітірген жоқ. Десе де жалғыз ұлмын деп еркелеп, есіріп кетпеді. Жастайынан еңбекте шыңдалды. Бейсенбі қарияның шынайы қолқанатына айналды. Мал бағатын әкесіне мектепте оқып жүрген кезінде қаникулға келген сайын көмекші болатын. Бұл есейіп азамат болған кезде әкесі мен шешесі бақилыққа аттанды. Мектеп бітіргеннен кейін ұжымшарда қалып, шопанның көмекшісі болды. Кейін құмкенттік ару Кәненмен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Бұл сәтте есейіп, ес тоқтатып қалған кезі тұғын. Өз алдына отар қабылдап, аға шопандықты қолына алды. Әуелі тоқты жайды. Келесі жылы тұсақ отардан төгіп тұрып төл берді. Сөйтіп кеңшардың озат шопан атанып шыға келді. Суреті құрмет тақтасы мен сол кездегі «Молшылық үшін» газетінен түспейтін. Жас шопан ә дегеннен-ақ ауданға танылып үлгерді. Шопандар тойында үнемі жеңімпаз болып танылып, марапат иеленді. Талай мәрте ауданның бас жүлдесін жеңіп алды. Сыйлыққа жеңіл автокөлік алған кез-

дері де болған. Кеңшар басшылары озат шопан ретінде республикадан, облыстан келген қонақтарды ұжымшар басшылары соның отарына алып келетін. Оның озат тәжірибесін көрсетіп, Медеумен мақтанатын. Үйін мұнтаздай етіп таза ұстайтын келіншегі Кәнен де өзіне сай қонақжай келін болып келді. Қой ауылдағы үйі тап-таза, жолда көлденең шырпы жатпайтын. Тумысынан тазалықты сүйетін. Медеу жұбайының тындырымды ісіне үнемі риза болып отыратын. Содан жарасымды жұп еңбегімен де, елге сыйлылығымен де халықтың илтипатына бөленді. Ұжымшардағы қандай мәдени шара болмасын оның ортасында жүріп, өзінің кәсібі жайлы кеңінен насихаттайтын. Сөйтіп жүріп, жастарға тәлімгер болып та үлгерді. Шопандықтың қыры мен сырын жастарға үйретуден жалыққан емес. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары Медеудің шырағы жарқырай жанды. Төл алудан аудан бойынша тұсақ отарлары арасында бірінші орынға шықты. Сол кездегі облыс басшылар өзат шопанның шаруасын көруге алыстағы Созақ ауданы, Құмкент кеңшарына арнайы келді. Кеңшар директоры Қали Анарбаев-тын. Облыстан қонақ келе жатса жан қала ма? Үшкөкшенің құмында отырған шопан отарына кешкілік қой қоралана бастаған сәтте облыстың бірінші басшысы ат басын бұрды. Қасында ауданның басшысы бар. Қонақтар келмес бұрын движокты оталдырып, шопанның киіз үйінің маңайын жарқыратып қойды. Бұл екі үйді қатар тіккен еді. Бірі асхана екіншісін жатын ретінде пайдаланатын. Әлгі үйге қонақтарды кеңшардың басшылары күтіп отырды. Көп ұзамай облыс және аудан басшылары келіп жетті. Аға шопан Медеу Бейсенбиевтің үйінде әлгі қонақтар күтілді. Сонда басшылардың айтқаны:- Мына жер қой ауыл емес, тіпті қаладан да керемет қой,-деп мақтады. Кәнен жеңгеміз дайындаған дәмді тамақтан дәм татып, шопанның қорасын, қойларын көріп, ризашылық көңілмен аттанған еді. Сынаптай сырғыған уақыт өте берді. Шопан жылдан жылға тәжірибесін арттырып, табыстың тай қазанын тасытты.

Өңкей қыздың ортасындағы ұлы



Ғалымы ержетіп, өзіне көмекші болды. Біраз жылдар әкесінің қарамағында көмекші шопан болды.

Кеңес одағы тарқамай тұрған кезде №3 ферма меңгерушісі болған **Әнет Сығаев** мынадай естелік айтты:

-Медеу аға еңбекке берілген азамат қой. Шаруасын өте тиянақты атқаратын. Сол кездегі күйек алуды, мал қыстатуды, төл алуды, қырқымды, қозы өсіруді әбден меңгерген азаматтын. Отардағы қозыларды бөлген кезде ылғи да жоғары салмақта өткізетін. Ол кісі шаршау дегенді білмейтін. Ферма меңгерушісі ретінде аралап барғанымызда ылғи да күліп қарсы алатын. Тірлігі тындырымды, ісі оңды болатын-тұғын. Талай мәрте аудандағы озат шопандар арасында өткен жиындарға ертіп баратынмын. Көп сөзге жоқ, істің адамы мал бағудың қыры мен сырын әріптестеріне үйретуден жалықпайтын. Мектеп бітірген түлектер сол уақытта әуелі еңбек етіп барып қана жоғары оқу орындарына түсетін. Әлгі мектеп бітірген ерімдей жастар Медеу ағаға көмекші болуға сұранатын. Өйткені ол кісі адамның көңіл кілтін таба білетін. Оның үстінен Кәнен жеңгеміз де жайдары әзілқой әйел. Келген балаларды әзілімен көңілдендіріп отыратын.

Күздің күні көктемгі төл алу межесі

белгіленетін. Сол кезде Медеу аға айтқан уәдесін қайткен күнде орындайтын. Төл алу кезінде алдына жан салмайтын Сөйтіп жеке биігін жылда бағындыратын. Ет, жүн, тері өндіруде де алдына жан түспейтін. Үнемі үлгі ретінде оның бағымындағы отарды көрсететін. Сонымен бірге Кәнен жеңгеміз де үйін таза ұстайтын. Қашан барсаң да қазаны қайнаулы, дастарханы жаюлы тұратын.

Кейін Медеу аға зейнеткерлікке шықты. Көп жылғы жасаған еңбегі үшін талай марапатты иеленді. Ауылдың мақтаншы болатын. Жүрген жерімізде ол кісінің еңбегін үлгі етіп жүреміз,-деді.

Кезінде автодүкен айдаған інісі Әліпбек Әділбеков ағасы жайлы сыр бөлісті. -Медеу ағаны бала кезімнен білемін. Өте бауырмал кісі. Үнемі бойындағы жақсы қасиеттері бізге үйретіп, жалықтырмайтын. Өтірікке жаны қас. Тек шындықты ту етіп ұстайды. Ол кісімен ағалы-інілі болып көп араластым. Біздер үшін ол үлкен тұлға еді. Еңбегімен ел құрметіне бөленді. Еңбекқорлығына тәнтімін. Шопандардың барлығына үлгі көрсететін. Бейнетке берілген азамат тұғын. Әріптестер ортасында беделі де жоғары-тын,-деді.

Қырық жыл бойы табан аудармай ата кәсібін жалғастырған М.Бейсенбиев өзінің адал еңбегінің арқасында құрмет пен абыройға бөленді. Мемлекеттік марапаттауларға ие болды. Аудан, облыс көлемінде танымалдыққа қол жеткізді. Іс-тәжірибесі таратылып, талай орден, медальдарды кеудесіне қадады. Отбасында Кәнен жеңгеміз екеуі ұл-қыздарын тәрбиелеп өсіріп, қанаттандырды.

Ұлын-ұяға, қыздарын қияға қондырды. Үлгілі отбасы ретінде ауылға үлгі болды. Кәнен жеңгеміз батыр ана атанды. Ұлы Ғалымжаннан немере сүйіп, оларды бауырына басты. Екі немересінің тойын көрді. Шөбере сүйді.

Сексеннің сенгіріне келгенде ардақты да құрметті ағамыз дүниеден озды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Ол кісінің еңбекқорлық қасиеті кейінгі жастарға үлгі-өнеге.

Сайлаубектің Сәрсенбегі.

2023 жылғы қаңтар-сәуірге Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Table with 3 columns: Indicator, 2023 жылғы Қаңтар-сәуір, 2023 жылғы қаңтар-сәуір, %-бен. Rows include demographic indicators (population, births, deaths), economic indicators (GDP, trade), and social indicators (poverty, debt).

Акция ұйымдастырылды

Аудан аумағындағы барлық білім беру ошақтарында "Менің мектебім буллингке қарсы" атты жалпы республикалық флешмоб акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жетекшілер мен психолог мамандар оқушылардың бойына мейірімділік қасиеттерін сіңіріп, әлімжеттілік, бір-біріне жағымсыз сөздер айту, мінепсынау сынды мәселелердің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл игі бастаманың мақсаты-қоғамда мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасты қалыптастырып, одан әрі жетілдіру болып табылады.



Акция аясында жетекшілер мен психолог мамандар оқушылардың бойына мейірімділік қасиеттерін сіңіріп, әлімжеттілік, бір-біріне жағымсыз сөздер айту, мінепсынау сынды мәселелердің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Түнгі қаладағы балалар



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Тасты ауылдық округі жастар ісі жөніндегі әдіскері Д.Онбаевтың ұйымдастыруымен Тасты ауылында 2023 жылдың 18 мамыр күні қоғамдық тәртіпті қадағалау үшін және кемелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы фактілері бойынша кешкі сағат 20:30-00:30 уақыт аралығында рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Рейдке Тасты ауыл округіндегі Абай ЖОМ тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары А.Қазақбаевтың қатысуымен болды. Рейдтік жұмыстың мақсаты қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, жастардың беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау және де бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігін күшейту болып табылады. Кезекшілікке шыққан арнайы топ жастар көп шоғырланатын орындарды, дүкендер мен саябақтар аралап қоғамның тыныштығын қадағалау мақсатында 21 жасқа толмағандарды кіргізбеу керектігін ескертті. 22:00 ден кейін дүкендерге беймезгіл уақытта келіп спирттік ішімдік пен темекі өнімдерін сатып алуға келген жастар болған жағдайда аудандық ішкі істер бөліміне хабарлауларын өтінеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

КӘСПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 МАМЫРҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

Table with 2 columns: Indicator, 2023 жылғы 1 мамырдағы бірлік. Rows include total count, by ownership type, and by legal status.

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 мамырға 4940 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 мамырға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Table with 4 columns: Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы, ШОК заңды тұлғалары, дара кәсіпкерлер, Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары. Rows for 2022 and 2023.

1) Жедел деректер. 2) Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2023 жылғы қаңтар-сәуірдегі халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

Table with 8 columns: IЖА тобы, Брюцеллез, Жітті вирустық гепатит, Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары, Тұмау, Менингококк жұқпалы, Тыныс жолдары туберкулез, Мерез. Rows for 2023 and 2022.

*ҚР ҰЭМ ТҚҰ ОҚО ТҚДД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛЫМСТЫЛЫҚ

2023 жылғы қаңтар-сәуірдегі ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Table with 6 columns: Тіркелген қылмыстар барлығы, ауыр, ерекше ауыр, ауырлығы орташа, онша ауыр емес, қиянқылықтар. Rows for 2023 and 2022.

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Жемқорлық-қауіпті індет

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертінмен жиі бетпе-бет келеді. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Қоғам ынтымақпен түзеледі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нақандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Гульмира ПАЙЗОВА, Созақ аудандық Қазынашылық басқармасының бас маманы-бас қазынашысы.

Бақдәулет ӘБИШ, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының іс басқарушысы.



Халықаралық турнирдің түйе палуаны атанды

Барша қазақстандықтарға танымал Медресе- Колледж бар Сарыағашта, Смановтар иелік ететін. Негізі, әуел баста медресе болып ашылған діни білім ошағының құрылтайшысы сол «Ынтымақ» ауылының жұртшылығы Шәкір ишан атап кеткен еліне сыйлы, ілімді қария болатын. Шәкір ишанның төрт ұлы бар еді: Әбдішүкір, Әбдіжаппар, Әбді-

Мамыр айында өткізетін бұл турнирге Қырғызстан мен Өзбекстаннан тартып көршілес елдерден және еліміздің көпшілік облыстарынан әжептәуір спортшы келіп қатысады. Сол дәстүрлі, қазіргі таңда о дүниелік болған Смановтарды еске алуға арналған турнир быыл да Мамыр айының 20-22 күндері аралығында өтті. Халықаралық сипаттағы бұл спорт дода-

сына жоғарыда айтқанымдай, Қырғызстан мен Өзбекстаннан және еліміздің әр облысынан бас-аяғы 400 ге жуық балуан келіп қатысты. Сол баярақты бәсекеге біздің Созақ ауданының командасы да барып, 12 балуанымыз бақтарын сынады. Ересектер мен жасөспірімдер болып екі топқа бөлініп күрескен дода-ның нәтижесі де жаман емес, командалық есепте I орынды иеленіп қайтты. Нақтырақ айттар болсам, жасөспірімдер арасында Бекжанұлы Бекболат 92 кг салмақта күресіп, 3 орынға табан тіреді. Ал, ересектер арасында 52 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Мырзабай Мадияр мен 70 кг салмақта күрескен Темірбек Бекжұлделі I орынды иеленді.

97 келі салмақта белдескен жерлесіміз Дәурен Оспанов II орынды жеңіп алды. Ал енді, аты алты алашқа танылып үлгерген жерлесіміз Әкбар Елубайұлы 125 кг салмақта күресіп, қарсылас шыдатпады. Осы салмақта чемпион атанған ол турнирдің түйе балуаны атағы үшін де бағын сынады. Сөйтіп, Қырғызстан мен Өзбекстаннан және еліміздің түкпір- түкпірінен келген кілең сен тұр, мен атайын 14 балуанмен ашық бәсекеге түсті. Нәтижеде, Теріскейдің тарлан ұлы күнгейде өткен Халықаралық турнирдің түйе балуаны атанып, қасиетті Мекке мен Медине қаласына «Умра» кіші қажылық жасау үшін берілетін жолдаманы жеңіп алды. Егер жаңылмасам, Әкбар балуан бұрнағы жылы осы турнирдің түйе балуаны атанып, «Умра» қажылығы жолдамасын ұтып алған болатын. Сөйтіп, әкесі Асқаров Елубай ағамызды мұсылман үмметінің қасиетті қалалары Мекке мен Мединеге жіберген болатын. Мінеки, ағйын! Қарап отырсаңыздар, мейлі күрес түрлерінен, мейлі бокс немесе кір тасын көтеруден Созақ спортшылары жыл өткен сайын Қазақстан Республикасында ауданымызды былай қойып, облысымыздың намысын абыроймен қорғап жүр бұл күндері. Тіпті, еліміздің атынан көк байрағымызды Орта Азия, Еуропа және Әлем елдерінің көгінде желбіретіп жүргендерінің де куәсі болудамыз.

Ендеше, Созақ, Қазақ спортының байрағын биіктерден биіктерге көтеріп жүрген спортшы оғандарымызға алдағы уақыттарда да жеңіс тұғырларынан көріне беріңіздер! Жеңісті күндерде жолыққанша еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

Омбыдан да Созақты іздедім

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтынан Рәшид Ораз әріптесім екеуміз 17 сәуірден 26 сәуір аралығында Ресейдің Омбы қаласына іс-сапармен барып қайттық. Соғысып жатқан ел, сапарымыз қалай болады



екем деген күдігіміз кедендік тексеруде расталғандай болды. Кедендегі орыстың «үш әріп» қызметкерлері бір сағаттай ұстап, телефонымызды (әлеуметтік желілер, интернет желісіндегі мақалалар, ватсап, тб) тексеріп, өзіміздің сапар мақсатымызды тергеп, ниетімізден бөтен ештеңе таба алмаған соң (қазақшаны түсінбейді ғой) жөнімізге жіберді.

Орналасып, жайланып алған соң әріптесім екеуміз жоспарланған шаруаларымызды атқаруға бел шешіп кірісіп кеттік. Омбы архиві мен ғылыми кітапханадан еліміздің тарихына қатысты деректерді жинақтап, көшірмесін алып, қоржынға салдық. Әрине, Созақ ауданы туралы да деректерді іздестірдім. Алдында Мәскеудің де архивтерінде бірнеше ай көзімізді талдырып қайтқан болатынбыз. Онда да Созақ ауданына қатысты деректерді жинауға тырыстым.

Айт күні Омбы қазақтары орталық паркте наурыз мерекесін өткізді. Біз де тойға қатысып, елден апарған сый-сияпатымызды тапсырдық. Омбыда әр он кісінің бірі қазақ екен. Бірақ, сол күні Омбының барлық тұрғыны қазақтардай болып қырылды. Қалада қазақша мектебі жоқ. Қандастарымыз тілін ұмыта бастағанмен, ауылды жердегі бауырларымыз тілін де мәдениетін де сақтаған екен.

Осы орайда айта кетер жайт, Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстарының білім, мәдениет басқармалары орыс жеріндегі қазақ мәдени ұйымдарымен тығыз байланыста болса, балаларын елге жазғы лагерлерге әкелсе, Омбы қазақ балаларына тіл мен мәдениетті оқыту үшін еліміздегі мұғалімдерден жасақталған топтарды қысқа мерзімге іс-сапарларға жіберіп отырса, электронды, қағаз оқу құралдарын жіберіп тұрса деген ұсынысымыз бар.

Омбыдағы Шоқан оқыған кадет корпусында болдық. Шоқан атындағы көшеде орналасқан Консулдіғымыздың ғимараты жанындағы ғалым ескерткішіне тағзым еттік. Орталық өлкелік музейден тарихымызға қатысты экспонаттарды тамашаладық. Ертістің үстіне салынған көпірдің үстіне шыққанда, осыдан бар болғаны екі ғасыр бұрынғы өзеннен өтіп жатқан қазақ көшін көз алдымызға елестеткендей болдым.

Жомарт ЖЕҢІС,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері,
Тарих ғылымының кандидаты.



саттар және Әбдіжаппар есімді. Бүгінгі күні сол қазақ руханиятына елеулі үлес қосқан арда ұстаздардан тек Әбдіжаппар ұстаз ғана тірі. Сол Смановтар отбасы ұзақ жылдардан бері еркін күрестен дәстүрлі Халықаралық турнир өткізіп келеді. Өздері де палуан болып табылатын Смановтар жылда

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.